

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ
МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ



«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫНЫҢ
2024 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ
ЕСЕБІ

Түркістан қаласы 2024 жыл



МАЗМҰНЫ

Кіріспе	
I. МЕКЕМЕ ЖАЙЛЫ МӘЛІМЕТ	
1.1. Негізгі қызметі	
1.2. Келушілерге музей жұмыс тәртібінің уақыты	
1.3. Басшылық	
II. ҚОРЫҚ- МУЗЕЙДІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ	
2.1. Келушілер саны	
2.2. Экскурсиялар саны	
2.3. Дәрістер саны	
2.4. Көрмелер	
2.5. Мониторингтік бақылау және жылу-ылғалдылық режимін сақтау, жұмыстары	
2.6. Қор сақтау және құжаттау жұмыстары	
2.7. Ескерткіштер саны	
2.8. Имидждік өнімдері	
III. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ	
3.1. Ғылыми шаралар ұйымдастыру және оларға қатысу	
3.2. Ғылыми кеңес отырыстары	
3.3. Ғылыми кітапхана ісі	
IV. ҚАРЖЫ ТУРАЛЫ	
4.1. Бюджеттен бөлінген қаржы	
4.2. Ғылыми жобаларға бөлінген қаржы	
4.3. Ақылы қызмет көрсетуден түскен қаржы	
4.4. Қайырымдылық пен демеушілік көмек көрсетуден түскен қаржы	
V. ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАР	
5.1. Кадрлық қызмет	
5.2. Шаруашылық жұмыстар	
5.3. Материалдық – техникалық базасы	
5.4. Ғимарат туралы мәліметтер	
5.5. Меншіктегі автокөлік	
VI. ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАР МЕН БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР	
6.1. Ғылыми мақалалар	
6.2. Танымдық мақалалар	
6.3. Әлеуметтік желілерде жарияланған материалдар	

I МЕКЕМЕ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ



1.1. Негізгі қызметі

Музей қызметінің мәні тарихи және мәдени маңызы бар археологиялық және сәулет ескерткіштерін сақтау болып табылады.

Мекеме мақсаты – тарихи-мәдени мұраның жылжымалы және жылжымайтын объектілерін насихаттау, зерттеу, анықтау, сақтау және қорғау.

Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Мемлекеттік мекеменің аумағында орналасқан ұлттық мәдени мұраның жылжымалы және жылжымайтын ескерткіштерін анықтау, қорғау, зерттеу, консервациялау, қалпына келтіру және пайдалану;
- Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласындағы бағдарламаларды, жобаларды әзірлеу, тиісті тәртіпке сәйкес бекіту, іске асыру;
- Жергілікті атқарушы органдар бекіткен тарих және мәдениет ескерткіштер тұрған аумақта құрылыс салу жоспарын реттеу;
- Мемлекеттік мекеме аумағында жүргізілетін құрылыс, қалпына келтіру және археологиялық қазба жұмыстарына уәкілетті органның рұқсаты болмаған жағдайда тиым салу, уақытша тоқтату;
- Монографиялар, ғылыми еңбек жинақтары, мақалалар, каталогтар және жол сілтеуші басылымдарды баспаға ұсыну, мерзімді баспа өнімдерін шығару;
- Мемлекеттік мекеме қорында және оның аумағында орналасқан жылжымалы және жылжымайтын тарих және табиғат ескерткіштері экспозициясының сақталуын қамтамасыз ету;
- Тарихи-мәдени мұраны насихаттауға және таратуға бағытталған іс-шараларды өткізу;
- Қорды ғылыми өңдеу, музей қызметінің негізгі бағыттары мен ғылыми тұжырымдамасын дайындау;
- Ескерткіштердің меншік иелерімен және пайдаланушыларымен қорғау міндеттемелерін, қорғау келісім шарттарын жасау;
- Отандық және шетелдік ұйымдармен жүзеге асырылатын ғылыми және мәдени бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу;
- Тарих және мәдениет мәселелері бойынша ғылыми және ғылыми практикалық конференциялар, семинарларды дайындау және өткізуді ұйымдастыру;
- Музейлік құны бар заттарды жинау және насихаттау мақсатында тарихи-тұрмыстық, археологиялық, этнографиялық экспозициялар, ғылыми іс-сапарлар ұйымдастыру және өткізу;
- Ғылыми, есептеу-сақтау жұмыстарын және қозғалатын және қозғалмайтын тарих және мәдениет ескерткіштерінің, сондай-ақ, өзге де мемлекеттік мекеме аумағындағы мәдени құндылықтардың мемлекеттік есепке алынуын қамтамасыз ету;

1.2. Музейге келушілерге жұмыс тәртібінің уақыты: 9:00 - 18:00

Музей кеңсесінде демалыс күндері: сенбі, жексенбі

Музейлер демалыссыз жұмыс жасайды.


1.3. Музей директоры – Садықбеков Мәулен Жарылқасынұлы

**II МУЗЕЙ- ҚОРЫҚҚА 2024 ЖЫЛҒЫ КЕЛУШІЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ
КӨРСЕТКІШТЕРІ**



2.1. Музейге келушілер саны – 638 841 адам.


№	Музейге ақылы негізде келген қонақтар			Музейге ресми келген қонақтар					Көрме, іс-шараларға келген қонақтар	Ұқаша ата кесенесі	Жүсіп ата кесенесі	Гаухар ана кесенесі	Сауран қала/ы	Барлығы
				К/з	Шетелдіктер		Балалар	Шетелдіктер						
	А/ш	ТМД	Ш/е		ТМД									
Қаңтар	11 653	169	138	1142	770	37	54	214	1 902	2 249	53	327	55	18 763
Ақпан	12 265	112	191	1452	1335	34	83	527	1 213	1 677	119	1 134	46	20 188
Наурыз	38 026	441	421	12 932	2 529	175	234	756	7 324	6 023	157	5 591	230	79 833
Сәуір	25 272	1 000	913	6382	3113	157	170	1002	7 567	7 252	140	6 650	337	71 337
Мамыр	44 051	1 799	2 192	9 040	8 192	197	295	4161	5 597	8 276	125	11 357	351	85 257
Маусым	36 314	1 465	913	5 368	4 493	388	237	2 329	1 535	6 182	105	9 357	319	69 064
Шілде	40 165	1 008	518	9 028	4 869	189	174	1 216	1 015	5242	110	9268	410	73 212
Тамыз	37 598	1 103	644	7 504	5 497	218	172	1325	570	6500	72	8765	326	70 294
Қыркүйек	25 702	1 957	1 163	2 670	4 853	564	232	1 075	2 488	5 563	105	7082	220	44 337
Қазан	30 607	1 216	892	5 018	1 432	296	172	964	2 590	5340	72	6573	198	55 370
Қараша	16 063	201	588	2 826	893	36	35	979	2 177	3 379	125	4 227	97	31 626
Желтоқсан	10 441	103	159	1 309	917	35	45	413	2 518	2 150	75	1301	94	19 560
Бар/ғы	328 207	10 574	8 732	64 671	38 893	2 326	1 903	14 961	33 168	59 833	1 258	71 632	2 683	638 841



Музейге ақылы негізде келушілердің жалпы көрсеткіші:



Айы	Ересек	Балалар	Студент Зейнет.	Шетел	ТМД	Барлығы
Қаңтар	10 283	1 142	1 370	169	138	13 102
Ақпан	10 917	1 452	1 348	112	191	14 020
Наурыз	32 830	12 932	5 196	441	421	51 820
Сәуір	21 457	6 382	3 815	1 000	913	33 567
Мамыр	38 844	9 040	5 207	1 799	2 192	57 082
Маусым	31 887	5 368	4 477	1 465	913	44 110
Шілде	35 110	9 028	5 055	1 008	518	50 719
Тамыз	32 970	7 504	4 628	1 103	644	46 849
Қыркүйек	22 155	2 670	3 547	1 957	1 163	31 492
Қазан	27 132	5 018	3 475	1 216	892	37 733
Қараша	14 045	2 826	2 018	201	588	19 678
Желтоқсан	9 048	1 309	1 393	103	159	12 012
Барлығы	286 678	64 671	41 529	10 574	8 732	412 184



2.2. Жалпы экскурсиялық көрсеткіштер:




Эксперсиялар саны – 5104
Қатысқан адам саны – 153 627
Оның ішінде ересектері – 98 652
Жастар (балалар, оқушылар) – 35 174
Студенттер мен зейнеткерлер – 16 347
Шетелдіктер – 1 836
ТМД – 1 618

Ақылы эксперсиялық көрсеткіш

Айы	Экс. топ	Ер	Құны 1500	Бала	Құны 300	Шет	Құны 3000	Ауд гид	Құны 1500\ 1000	Барлығы
Қаңтар	147	83	124 500	61	18 300	3	9 000	-		151 800
Ақпан	200	128	192 000	71	21 300	1	3 000	-		216 300
Наурыз	515	331	496 500	171	51 300	-	-	13	19 500	567 300
Сәуір	366	245	367 500	97	29 100	3	9 000	21	31 500	437 100
Мамыр	570	328	492 000	178	53 400	3	9 000	61	91 500	645 900
Маусым	426	276	414 000	93	27 900	3	9 000	54	59 500	510 400
Шілде	364	249	373 500	72	21 600	5	15 000	38	38 000	448 100
Тамыз	505	343	514 500	86	25 800	3	9 000	73	73 000	622 300
Қыркүйек	553	364	546 000	110	33 000	2	6 000	77	77 000	662 000
Қазан	392	272	408 000	90	27 000	-	-	30	30 000	465 000
Қараша	286	180	270 000	101	30 300	1	3 000	4	4 000	307 300
Желтоқсан	780	129	193 500	641	192 300	3	9 000	7	7 000	401 800
Барлығы	5 104	2 928	4 392 000	1 771	531 300	27	81 000	378	431 000	5 435 300


Ақылы эксперсиядан түскен қаржы – 845 000 тг

№	Айлар	Қаржы (тг)
1	Қаңтар	151 800
2	Ақпан	216 300
3	Наурыз	567 300
4	Сәуір	437 100
5	Мамыр	645 900
6	Маусым	510 400
7	Шілде	448 100
8	Тамыз	622 300
9	Қыркүйек	662 000
10	Қазан	465 000
11	Қараша	307 300
12	Желтоқсан	401 800
Барлығы		<u>5 435 300</u>



2.3. Дәрістер саны

Жылдар	2020	2021	2022	2023	2024
Лекциялар	158	177	289	52	226



2.4. Көрмелер

Жылжымалы және тұрақты көрмелер саны – 70

Музейде – 18

Музейден тыс – 52

Республикалық - 6


Халықаралық - 2

Кітап көрмелері – 33

КӨРМЕЛЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



<i>№</i>	<i>Көрмелер саны</i>	<i>саны</i>
<i>1</i>	<i>Қала мектептерінде</i>	<i>27</i>
<i>2</i>	<i>Аудан, ауыл мектептерінде</i>	<i>13</i>
<i>3</i>	<i>Музейшілік</i>	<i>18</i>
<i>4</i>	<i>Музейден тыс</i>	<i>4</i>
<i>5</i>	<i>Республикалық</i>	<i>6</i>
<i>6</i>	<i>Халықаралық</i>	<i>2</i>



Ұйымдастырылған көрмелер	
10.01.2024ж. А. Байтұрсынов атындағы №1 мектеп-лицейінде	- 320
26.01.2024ж. М. Мәметова атындағы №6 жалпы орта мектебі	- 235
30.01.2024ж. №16 Т. Бигельдинов атындағы жалпы орта мектебінде	- 180
22.01.2024ж. Кентау қаласы, Ататүрік атындағы №4 мектеп-лицейінде	- 145
06.02.2024ж. Ғ. Мұратбаев атындағы №5 жалпы орта мектебі	- 80
9.02.2024ж. №28 мектеп-лицейінде	- 90
13.02.2024ж. Н. Төрекұлов атындағы №8 жалпы орта мектебі	- 125
27.02.2024ж. М. Пошанов атындағы №21 ЖОМ	- 180
07.03.2024ж. Н. Некрасов атындағы №9 мектеп-гимназия	- 160
19.03.2024ж. Б. Момышұлы атындағы №22 жалпы орта мектебі	- 148
02.04.2024ж. Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназия	- 110
11.04.2024ж. Қ. Сәтбаев атындағы №12 жалпы мектебі. 120 жылдығына орай	- 86
15.04.2024ж. Ж. Еділбаев атындағы №18 мектеп-гимназия	- 150
22.05.2024ж. М. Шоқай атындағы №24 ЖББ мектебі	- 157
10.09.2024ж. С. Сейфуллин ат. №4 мектеп-лицейінде 130 жылдығына орай	- 173
12.09.2024ж. №2 Хамза атындағы жалпы орта мектебінде	- 125
12.09.2024ж. №3 Әмір Темір атындағы жалпы орта мектебінде	- 120
08.10.2024ж. Әл-Фараби ат. №8 мектебінде «Қ. А. Ясауи есімімен байланысты аңыз-әпсаналар» дәріс	- 40 оқушы
14.10.2024ж. Ж. Жаббаев атындағы ЖОМ «Қожа Ахмет Ясауи мұралары» тақырыбында	



көрме-лекция өтті. - 108 оқушы
12.11.2024ж. №15 М.Жұмабаев ат. мектебінде «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімі» тақырыбында көрме-лекция. 230
25.11.2024ж. Ә.Науаи атындағы мектебінде «Ясауи мұралары» тақырыбында көрме-лекция. 210
29.11.2024ж. №14 Қазыбек би атындағы ЖОМ С.Ерубаеттың туғанына 110-жыл толуына орай «Жарқ етіп жанып өткен жарық жұлдыз» тақырыбында көрме-лекция. Шараға 80 оқушы қатысты.
02.12.2024ж. №32 мектебінде «Ясауи және көне Түркістан тарихы» тақырыбында көрме-лекция – 120
04.12.2024ж. Түркістан қаласы Даму интеллектуалдық мектебінде «Ясауи мұрасы» көрме-лекциясы өтті. 70 оқушы 09.12.2024ж. №1 А.Байтұрсынов ат. мектеп-лицейі «Әшекей бұйымдар сыры» көрме-лекция. 108 адам
11.12.2024ж. Қыздар Білім–Инновация лицейінде «Ясауи және көне Түркістан тарихы» көрме –лекциясы. 140 оқушы
12.12.2024ж. №20 Р.Исетов атындағы мектебінде «Тәуелсіздік –Мәңгілік ел тұғыры» көрме және мәдени-көпшілік іс-шарасы өтті. Шараға 124 адам қатысты.
16.01.2024ж.Отырар ауданы, Мыңшұқыр ауылы, Р.Бердібай ат. мектебінде - 100
18.01.2024ж.Сауран ауданы, Бабайқорған ауылының жалпы орта мектебінде - 250
20.02.2024ж.Сауран ауданы, Н.Оңдасынов ауылы, «Амангелді» атындағы мектебі - 160
28.02.2024ж.Сауран ауданындағы С.Қожанов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде - 100
13.03.2024ж наурыз күні Отырар ауданы, Шәуілдір ау. Ш.Қалдаяқов атындағы мектеп-гимназиясында - 180
10.04.2024ж Сауран ауданы, Шорнақ елді мекеніндегі Қ. Рысбеков атындағы №5 негізгі мектеп-интернаты - 160
17.09.2024ж. Сауран ауд., Ынтымақ ау, Молда Мұса ат. мектебі «Құт дарыған Тайқазан» көшпелі көрмесі - 248
17.09.2024ж. Сауран ауданы, Шаға ауылы, Ә.Сығай атындағы жалпы орта мектебінде «Құт дарыған Тайқазан» тақырыбында көшпелі көрме - 140
21.10.2024ж. Сауран ауданы, Шорнақ ауылы, №5 ЖОМ «Менің отаным –Қазақстан» тақырыбында мәдени-көпшілік шарасы өтті. 90 адам қатысты.
24.10.2024ж. Сауран ауданы, Шекербұлақ ауылы, Қазыбек би атындағы мектебінде «Менің отаным –Қазақстан» тақырыбында мәдени-көпшілік шарасы өтті. 90 адам қатысты.
20.11.2024ж. Сауран ауданы, Қызыләскер ауылы, Ж.Тәшенов атындағы мектебінде «Ясауи мұралары» тақырыбында көрме-лекция.- 210 адам қатысты.
03.12.2024ж. Отырар аудандық білім бөліміне қарасты С.Әшіров атындағы ЖББМ КММ «Ясауи және көне Түркістан тарихы» көрме-лекциясы өтті. Шараға 140 оқушы қатысты.
19.12.2024ж. Кентау қаласы, Қарнақ ауылындағы Шаштөбе ЖББОМ «Ясауи мұрасы» тақырыбында көрме-лекция өтті. Шараға 130 оқушы қатысты.
13.01.2024ж. «Ясауи және қазақ хандығы» көрмесі. «Түркістан тарихы» музейінде 1463 адам
15.03.2024ж. «Дәстүрлер сабақтастығы» көрмесі.Үлкен Ақсарай бөлмесі. 381 адам
08.04.2024ж. «Ботай - Ұлы Дала мәдениеті» тақырыптық жылжымалы көрмесі. 1359 адам
19.04.2024ж. Ясауитану-2024 байқауының тарихы. Фотокөрме. Фараб кітапханасында. 345 адам
22.05.2024ж. Фараб ғылыми-әмбебап кітапханасында Ә.Жәнібековтің құрметіне



оқырман залының ашылуы және «Арда туған Өзағаң» кітабының тұсаукесері аясында көрме ұйымдастырылды. 170 адам
05.06.2024ж. «Жұма мешіті» музейінде баспа және қолжазба құран кітаптар коллекциясы көрмесі. 118
14.07.2024ж. Сіргелі Тілеуке Төбетұлының туғанына 330 жыл. орай «Бабалар ерлігі елге мұра» көрме. 420 адам
03.07.2024ж. «Ясауи ілімі және Түркістан» фотокөрмесі. Ақпарат орталығында. 324 адам
17.07.2024ж. «XIXғ. Түркістан - саяхатшылар көзімен». А.Кун альбомынан фотокөрме. 230 адам
21.07.2024ж. «Әшекей бұйымдар сыры» көрмесі. Музей-қорық ғимараты 127 адам
27.07.2024ж. «Өмірі өнегелі Өзбекәлі» фотокөрмесі. Музей-қорықтағы Экскурсоводтар бөлмесінде 120 адам
28.08.2024 ж. «Ө.Жәнібеков және музей ісі» тақырыптық көрмесі. 180 адам қатысты
28.08.2024 ж. «Ө.Жәнібеков және музей ісі» көрмесі аясында кітап көрме. 180 адам қатысты
30.09.2024ж. Музейге 46 жыл толуына орай «Шежіре тарих сыр шертеді» көрмесі. «Жұма мешіті»муз. - 50 адам
30 тамыз – ҚР Конституция күні мерекесіне орай АОЗ фото және кітап көрмесі ұйымдастырылды. 53 адам
25 қазан - Республика күні мерекесіне орай музей-қорықтың АОЗ фото және кітап көрмесі өтті. 47 адам
04.11.2024ж. «Жұма мешіті» музейінде тоқыма және кестелі бұйымдар коллекциясынан көрмесі. 146
11.12.2024ж. АОЗ «Тәуелсіздік –Мәңгілік ел тұғыры» тақырыбында фото және кітап көрмесі өтті. 75 адам.
15.11.2024ж. Түркістан тарихы музейінде «Музей есепшісі – аналитикалық ойлаушы» көрмесі. 150 адам.
27.11.2024 ж. «Мейірімділік – ізгіліктің жолы» тақырыбында мәдени-көпшілік іс-шарасы өтті. 120 адам қатысты.
15.05.2024ж. күні Алматы қаласы музейлер бірлестігімен бірге «Өзбекәлі Жәнібеков. Мәдени майдан» көрмесі өткізілді. - 1184 адам қатысты
2. 22.05.2024ж. Фараб ғылыми-әмбебап кітапханасында Ө.Жәнібековтің құрметіне оқырман залының ашылуы және «Арда туған Өзағаң» кітабының тұсаукесері аясында көрме ұйымдастырылды. 170 адам қатысты
3. «Өзбекәлі Жәнібеков құбылысы: Тұлға тағылымы және педагогикалық құндылықтар» атты Жәнібеков оқулары-1 тұңғыш халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы аясында көрме ұйымдастырылды. Шымкент қаласы. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ - 315 адам қатысты.
4. 14.07.2024ж. Сіргелі Тілеуке Төбетұлының туғанына 330 жыл. орай «Бабалар ерлігі елге мұра» көрме. 420 адам
2024 жылдың 20 наурыз – 20 мамыр аралығында “Әзірет Сұлтан” музей-қорығы Татарстан Республикасының Қазан қаласындағы “Қазан Кремлі” қорық-музейіне қарасты Ислам мәдениеті музейінде “Ясауи мұрасы және көне Түркістан” халықаралық көрмесін ұйымдастырды.
05.11.2024 ж. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Париж қаласы Гиме музейінде ұйымдастырған көрмеге қатысты



2.5. III. Мониторингтік бақылау және жылу-ылғалдылық режимін сақтау, бойынша жұмыстар

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы жер асты суларының деңгейін бақылау
 Қожа Ахмет Ясауи кесенесі айналасында он үш дренаждан және Құдықхана бөлмесі мен Жұма мешіттегі құдықтардың жер асты су деңгейі өлшеніп тіркелді. 2024 жылдың жер асты су деңгейінің орташасы есептеліп диаграмасы жасалды.

Кесене маңындағы дренаждардың орналасу орындары мен жылдық орташа көрсеткіші мен кестесі құрылды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы дренаждар нөмері мен орындары	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Орташа
№1 батыс жағында	8,74	8,77	8,71	8,71	8,65	8,7	8,56	8,81	8,53	8,50	8,67	7,70	8,5
№2 батыс жағында	8,68	8,66	8,66	8,66	8,68	8,75	8,49	8,60	8,57	8,55	8,59	7,80	8,5
№3 батыс жағында	8,79	8,78	8,74	8,74	8,71	8,7	8,53	8,67	8,65	8,50	8,65	7,80	8,6
№4 солтүстік бетте	8,86	8,69	8,79	8,79	8,68	8,75	8,55	8,67	8,61	8,60	8,68	7,80	8,6
№5 солтүстік бетте	6,47	7,68	3,45	3,45	5,52	6,9	7,37	6,84	6,65	6,38	5,33	4,25	5,8
№6 солтүстік бетте	8,89	8,97	8,76	8,76	8,74	8,9	8,68	8,72	8,74	8,64	8,76	7,85	8,7
№7 шығыс жағында	9,07	8,93	8,78	8,78	8,89	8,9	8,75	8,97	8,82	8,70	8,78	7,90	8,7
№8 шығыс жағында	8,86	8,84	8,72	8,72	8,81	8,9	8,92	8,77	8,71	8,75	8,75	7,90	8,7
№9 шығыс жағында	9,08	9,02	8,94	8,94	9	9	8,87	8,94	8,89	8,85	8,97	7,95	8,8
№10 оңтүстік бетте	8,88	8,76	8,72	8,72	8,83	8,8	8,94	8,69	8,64	8,60	8,68	7,75	8,6
№11 оңтүстік бетте	8,93	8,94	8,93	8,93	9	9	8,82	9,02	8,85	8,70	8,94	7,80	8,8
№12 Есімхан мазарының батыс жағында	8,67	8,48	8,25	8,25	7,7	7,2	8,38	7,82	8,69	8,75	8,53	7,70	8,2
№13 Құдықхана бөлмесінде	10,14	10,41	10,36	10,02	9,4	10,31	9,57	9,12	9,15	8,77	9,24	8,75	9,6
№14 Жұма мешіт ауласында	12,56	12,27	12,15	11,75	11,4	12,59	11,85	11,68	11,76	11,70	11,26	10,90	11,8

2.6. Қор сақтау және құжаттау жұмыстары

Тіркеу және мемлекеттік есепке алу жұмыстары бойынша

Музей қорында жыл басында 25 911 дана жәдігер болған, оның 14 042 данасы негізгі қор, 11 869 данасы ғылыми көмекші қор есебінде болған.

Жыл барысында 186 дана зат музей қорына сый ретінде қабылданды. Оның 5 данасы негізгі қор есебіне, 181 данасы ғылыми көмекші қор есебіне қабылданды.

1 дана ғылыми көмекші қор есебіндегі 3028 номерлі жазба ескерткіш қолжазба құран кәрім кітабы «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығына» тұрақты пайдалануға берілуіне байланысты есептен шығарылды.

Қазіргі күні музей қорында 26 096 дана жәдігер, оның 14 047 данасы негізгі, 12 049 данасы ғылыми көмекші қор есебінде тұр.

2024 жылы қабылданған жәдігерлердің жіктелуі;



1. 117– данасы жазба ескерткіш жәдігерлер
2. 39 – данасы нумизматикалық жәдігерлер
3. 28 – данасы этнографиялық жәдігерлер
4. 2– данасы археологиялық жәдігерлер

Жәдігерлер төрт ғылыми классификацияланған топқа бөлінген. Олар:

Археологиялық жәдігерлер тобы	- 5787 дана	(3280/2507).
Этнографиялық жәдігерлер тобы	- 2858 дана	(2190/668).
Жазба ескерткіштер тобы	- 3151 дана	(654 /2496).
Нумизматикалық жәдігерлер тобы	- 14 300 дана	(7923/6378).

26 096 дана жәдігердің 359 данасы музейлер экспозициясында, оның ішінде:

- 247 данасы негізгі қор
- 112 данасы ғылыми көмекші қор

2 данасы 24/а,б 25/а,б Есіктер. XIVғ. «Қырым Аралы» ғылыми реставрациялық зертханасында қайта қалпына келтірілуде.

25 735 данасы қор сақтау бөлмесінде, оның ішінде

- 13 791 данасы негізгі қор
- 11 937 данасы ғылыми көмекші қор
- 7 дана жоқ жәдігер (жоғалған)

Қор сатып алу (қор іріктеу) комиссиясы арқылы қабылданған 186 дана затқа атрибуция жасалып, ғылыми жіктелуіне қарай топтарға бөлініп, қабылдау актісі жасалып есепке алынды.

Инвентарлық кітапқа тіркелетін жәдігерлердің жалпы саны - 14 047

- тіркелгені - 13 658
- тіркелмегені - 389 (389 жазбадан)

2024 жылы музей қорының жәдігерлерін Ұлттық мәдени игілік объектілерінің тізіліміне енгізу барысында 403 сақтау бірлігінің мәліметтері қазақ орыс тілінде дайындалды.

- Археология қоры – 110 сақтау бірлігі
- Нумизматика қоры – 196 сақтау бірлігі
- Этнография қоры – 52 сақтау бірлігі
- Жазба ескерткіш қоры – 45 сақтау бірлігі

ҚР музей қоры мемлекеттік каталогының тізіліміне енгізуге ұсынылатын – 729 дана жәдігердің қазақ және орыс тіліндегі мәліметтері дайындалды.

Мемлекеттік тізілімге жіберілген жәдігерлердің жалпы саны – 9308

«Музей Ас» бағдарламасының базасына ендіру жұмыстары бойынша - 99 дана жәдігердің қабылдау актілері базаға тіркелді. Қазіргі күнге дейін жалпы саны – 663 қабылдау акт, инвентарь карточка базаға тіркелді.

Ақпараттық насихат және ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша

Ғылыми құжаттау жұмысы – 164 Жалпы саны - 9053

- 22 – археология тобынан
- 18 – этнография тобынан
- 11 – жазба ескерткіштер тобынан
- 113 – нумизматика тобынан

Ақпараттық мақалар саны – 32

- 14 – нумизматика тобынан
- 8 – археология тобынан (2 ұсынылды)
- 6 – жазба ескерткіштер тобынан
- 2 – этнография тобынан

Сақтау және қайта қалпына келтіру жұмыстары бойынша

- Қайта қалпына келтірілген жәдігерлер саны – 21
- Консервация жасалған жәдігерлер саны – 11/58 с.б
- Жалпы саны – 32/79 жәдігер қалпына келтірілді.



Біліктілікті арттыру:

Қор сақтау және есепке алу бөлімінен 7 қызметкер ООО «Прогресс-Центр» бағдарламасының «Музейные фонды: формирование, учет, хранение, использование» тақырыбындағы біліктілік арттыру курсына қатысып куәлік алды.

Н.Аширбекова Бас қор сақтаушы
Ә.Егеубаева қор сақтаушы
Т.Жолдасов қор сақтаушы
Д.Адиев қор сақтаушы
Ж.Майлыбаева қор сақтаушы
Е.Муташев суретші реставратор
Н.Таджибаев реставратор
Е.Муташев. суретші реставратор

UNESKO, OSTROV KRYM, Финансирование Европейского Союза ұйымдастыруымен 22-26 сәуір аралығында ғылыми қалпына келтіру лабораториясында тренингке қатысып қайтты.

Экспозиция және қор сақтау жұмыстары бойынша:

Экспозицияда тұрған топ жәдігерлерінің сақтығы мен өзгерістері музей қараушылармен бірлесе бақыланып тұрды. Қор сақтау бөлмелерінің ылғалдылық режимі мен бөлме температурасы үздіксіз қадағаланып отырады.

Көрме жұмыстары бойынша:

Көрмеге жәдігер беру, құжаттарын дайындау жұмыстары жүргізілді. 1109 оның ішінде 575/534 Қазіргі кезде – 142/153 с.б жәдігер көрмеде.

«Әзірет Сұлтан» музей-қорығының фейсбук және тик-ток парақшаларына қордың құнды жәдігерлерінен видеоролик түсіріп жариялау жұмыстары бойынша – 50 ролик түсірілді.

Қосымша жұмыстар:

Суретші-реставратор Е.Муташев мекемеде өткен барлық көрмелердің макеттерін жасау жұмыстарымен айналысты.

Бөлім қызметкерлері мекемеде өткізіліп жатқан іс-шараларға бір кісідей атсалысты.

2024 жылғы есеппен 2023 жылғы есепті салыстыру

№	Атқарылған жұмыс түрлерінің атауы	2024 ж.	2023 ж.
1	2024 жылы музей қорына қабылданды 186 дана жәдігер. Қазіргі күні – қорда жалпы саны 26 096 жәдігер тұр. (14 047/12 049)	186 дана жәдігер	64 дана жәдігер
2	Инвентарлық кітаппен жұмыс жүргізілді – 11 кітап оқылып сипаттама берілді.	11	81
3	ҚР музей қоры мемлекеттік электронды каталогына жәдігер мәліметі жіберілді.	729/1519 с.б	334
4	ҚР Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізіліміне жәдігер мәліметі жіберілді.	276	1727
5	Жәдігерлердің ғылыми құжатталуы	164	210
6	«Музей АС» бағдарламасының базасына ендірілді	99	288
7	«Әзірет Сұлтан» музей-қорығының ресми сайтына мақала	33	27
8	Әлеуметтік желі фейсбук, тик-ток, инстаграмм бойынша жұмыстар	50	48
9	Көрмеге жәдігер беру, құжаттарын дайындау 1109 оның ішінде 575/534 Қазіргі кезде – 142/153 с.б жәдігер көрмеде.	1109	851
10	Қайта қалпына келтірілген жәдігерлер саны - жоспарланғаны 21	21	19
11	Консервация жасалған жәдігерлер саны- жоспарланғаны 58 с.б	11/58	11
12	Жоспардан тыс реставрация-консервация жасалғаны	8	
13	Мәдени іс-шараларға қатысу жұмыстары «Наурызнама», «Музейге сый» акциясы, «Археолгтар күні» іс-шара өткізілді.		



2.7. Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау және есепке алу бөлімінің 2024 жылы атқарған жұмыстары
Тарихи-мәдени ескерткіштердің жалпы саны – 45

№	Ескерткіштердің рәсімделуі	Жалпы саны
1.	Халықаралық маңызы бар	1
2.	Республикалық маңызы бар	23
3.	Жергілікті маңызы бар	2
4.	Алдын-ала тізімге енгізілгені	19

Типологиялық ерекшеліктері бойынша тізімі

№	Ескерткіштердің түрлері	Жалпы саны
1.	Ортағасырлық және XIX-XXғғ тән қала құрылыс және сәулет ескерткіштері	27
2.	Киелі объектілер	6
3.	Археология	12

1. Ескерткіштерді құжаттау жұмыстары.

- Ясауи музейі, сапар орталығы ғимараттарын Түркістан қаласы әкімдігінің теңгерімінен музей-қорықтың теңгеріміне өткізу жұмыстары жүргізілді.
- Мәдениет және ақпарат министрлігінен археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге рұқсат берілетін Е-лицензия құжаты алынды.
- Міртөбе қонысы, Қаратөбе, Әлқожа ата, Гаухар ана, Үкәша ата кесенесі мен құдығы тарихи ескерткіштерінің қорғау аймақтарының жобасы жасалынды.
- Республикалық маңызы Жүсіп ата ескерткішіне реставрациялық жұмыстар жүргізілді.
- Музейге қарасты Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің паспорттары, қорғау міндеттемелері, жаңа ақпараттармен толықтырылып Түркістан облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығымен бекітілді.
- Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 6 мамырдағы №78 қаулысымен Республикалық Сауран қалашығының қорғау аймақтары бекітілді.
- Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу паспорты жаңартылып, жергілікті полиция басқармасымен бекітілді.

- Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің менеджмент-жоспары бойынша төтенше жағдайлар, туризм тармақтары бойынша есебі әзірленіп, Мәдениет және ақпарат министрлігіне жолданды.

2. Ескерткіштерді насихаттау, қорғау, сақтау жұмыстары.

- «18 сәуір Халықаралық тарихи орындар күніне орай 2024 жылдың 16-17 сәуір күндері «Әлемдік мәдени мұра ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету және зерттеуде жаратылыстану ғылымдарының әдістерін қолдану» атты халықаралық




ғылыми-тәжірибелік семинары өткізілді. Семинар жұмысы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің техникалық жай-күйін зерделеу мақсатында құрылған кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарының I кезеңінің қорытындысына арналды. Семинарда 2023 жылы кесенеді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген ғылыми-зерттеу институттары жұмыстарының қорытынды есептері тыңдалды. Семинар соңында арнайы хаттамасы әзірленді.

- Қожа Ахмет Ясауи кесенесін бақылау жұмыстары. 2024 жылдың ақпан айында Иран Республикасы, Ресей реставрация ғылыми зерттеу институтының мамандарымен кеңес өткізіліп, кесенедегі жыр аппараттарын толықтыру жұмыстары жүргізілді.
- 2024 жылдың 08-12 сәуір аралығында ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Кластерлік Бюросының ұйымдастыруымен “Орталық Азия елдерінің мәдениет саласындағы төтенше жағдай және табиғи апаттар кезінде қауіптілікті төмендету бойынша өңірлік әлеуетін нығайту” тақырыбында халықаралық семинарға бөлім басшысы А.Кәрім қатысты. Семинар нәтижесінде музей-қорықтың төтенше жағдай кезінде іс-әрекеті бойынша жоспары жасалынды.



«Әлемдік мәдени мұра ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету және зерттеуде жаратылыстану ғылымдарының әдістерін қолдану»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинары. 16 сәуір 2024






Тарихи-мәдени сараптама және археологиялық жұмыстарды жүргізуге құқық беретін лицензия

- Құжаттың қолданылу аясы
- Тарихи-мәдени мұра объектілеріне мәртебе алу
- Археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу
- Жер учаскелеріне тарихи-мәдени сараптама жүргізу

2.8. Имидждік өнімдері

2024 жылы «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей қорығы ұйымдастырған «Ахмет Ясауи мұрасына жаңа көзқарас» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция және «батыр бабалардың отан қорғаудағы ерліктері: тарих және тағылым» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларының материалдар жинағы, «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті құрамында «ЖТН АР 19676930 «15-18 ғасырлар кезеңіндегі Қазақ хандығы билеушілерінің баяндау құжаттарын текстологиялық зерттеу және деректанулық талдау» тақырыбында 2023-2025 жылдары жұмыс атқарған ғылыми жоба бойынша жарық көрген «XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ билеушілерінің хаттары мен құжаттарының каталогы (мәтінді талдау)» атты каталогы жарық көрді. Бұл еңбектер түркі дүниесінің рухани тарихы мен Қазақ хандығының тарихына арналған. Еңбектер тек тарихшыларға ғана емес, сонымен бірге, саясаттанушыларға экономистерге, қаланың барлық салаларда дамуына мүдделі аумақтық және жергілікті басқару органдарына, Отан тарихына қызығатын көпшілік қауымға арналған.





III. ҒЫЛЫМИ – ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

3.1. Ғылыми шараларды ұйымдастыру және оларға қатысу

2023 жылы 24 мәдени іс-шара ұйымдастырылып, 63 ғылыми мақала, 3 байқау, 4 ғылыми экспедиция, музей-қорық жанындағы 8 ғылыми кеңес отырысы ұйымдастырылса, 2024 жылы 46 мәдени іс-шара ұйымдастырылып, 91 ғылыми мақала жарияланып, 7 байқау, 4 ғылыми экспедиция, музей-қорық жанындағы 7 ғылыми кеңес отырысы өткізілді.

Ғылыми жұмыстар бойынша ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары жинақтары, мақалалар, каталогтар шығару жұмыстарына қатысып, тарихи-мәдени мұраны насихаттауға және таратуға бағытталған көрмелер, лекциялар және іс-шараларды өткізу жұмыстарын атқарылды.

«Өзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы жанынан құрылған ғылыми кеңес отырысын ұйымдастырды.

Музей-қорық қызметкерлерінің ұйымдастыруымен халықаралық екі көрме Қазан қаласындағы «Қазан кремлі» және Париж қаласында Гиме музейінде өткізілсе, «Қ.А.Ясауи және шежірелі Түркістан» көрмесі Қостанай облысы Қостанай қаласында, Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласында, Атырау облысы Атырау қаласында, Маңғыстау облысы Ақтау қаласында, Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында және Шымкент қаласында, «Өзбекәлі Жәнібеков және музей ісі» көрмелері, Наурыз мерекесін атап өту барысында арқан тарту, жебе тарту сайыстары, сонымен қатар «Ясауитану – 24» республикалық дәстүрлі оқушылар байқауы, «Қазақстан тарихы» көптомдығын даярлауға қатысқан авторлармен дөңгелек үстел, «Әлемдік мәдени мұра ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету және зерттеуде жаратылыстану ғылымдарының әдістерін қолдану» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар, «Батыр бабалардың отан қорғаудағы ерліктері: тарих және тағылым» атты республикалық конференция тақырыбында конференция сынды ғылыми-мәдени шаралар ұйымдастырылды.

«Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесі» 10 күндігі аясында «Көрісу күні – амал мерекесі», «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр» күні, Наурыз көже тарату, «Ұлттық спорт күні» ұлттық спорт түрлерінен сайыс (кір тасын көтер, арқан тарту, садақ ату) мәдени-көпшілік шаралары ұйымдастырылды.

Атқарылған ғылыми жұмыстар аясында ҚР БЖҒСБК ұсынған рецензияланатын отандық басылымдарда 1 мақала жарияланып, Шетелдік рецензияланатын Scopus базасындағы ғылыми журналға 1 ғылыми мақала баспаға ұсынылды.

Атап айтқанда:

1. Scientific analysis of archaeological research on the underground mosque “Khilvet”. Шетелдік рецензияланатын Scopus базасын енген «Ислам археологиясы» журналына ұсынылды.
2. «Ясауи мөрінің ең көне бедері». «ҚазМУ хабаршысы» журналына (журналдың 2024 жылдың №3 санына жарияланды).

Сонымен қатар, түрлі ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағына 93 ғылыми мақала жарияланды.

Көрме жұмыстары бойынша музейде және музейден тыс көшпелі көрмелер саны 70, былтырғы 2023 жылмен (66 көрме) салыстырғанда 4 көрмеге көп.



3.1 Ғылыми кеңес отырыстары

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы жанындағы Ғылыми кеңесі отырысы 2024 жылдың қаңтар айынан бері 7 рет өткізілді.

